

**Саркенова К.А.**

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Сыртқы байланыс,  
ақпарат және ғылыми кластер бөлімі

### **«Бай» этнонимі жөнінде бірер сөз**

#### **Аннотация**

Мақалада Кіші жүз Он екі ата Байұлы бірлестігіне негіз болған Бай этнонимінің тарихы қарастырылады. Қазақ халқының қалыптасуында әрбір тайпа немесе рудың этностық, саяси-әлеуметтік ортақ заңдылықтарымен қатар өзіндік ерекшеліктері де аз болмаған. Оларды зерттеп-білу ұлт тарихының толыққанды жазылуына ықпал етері сөзсіз. Яғни қазақ тарихындағы әрбір рудың орнын және рөлін айқындау ұлттық тарихи ерекшеліктерді де ескеру болып шығады. Сондықтан қазақ тарихында айрықша орны бар Бай этнонимін зерттеп білу бүгінгі күн талабы. Мақаланың мақсаты – қазақ тарихының осы бір тың жатқан мәселесіне тарихшылардың көңілін аудару.

**Кілт сөздер:** Байұлы, этнос, этноним, этнонимия, метаэтнос, субэтнос, бай, динлин, теле.

Тарих сөзінің мағынасы өте ауқымды. Оны кей сәттерде халықтардың қажетті де киелі кітабы деуге болады. Яғни тарих халықтардың тұрмыстары мен қызметтерінің айнасы немесе ата-бабаның өз ұрпағына қалдырған өсиеті. Ал «ұлт – ұрпақтың ұясы. Ұрпақтың ұясы ұлт болғаннан кейін, ұлттың тарихы ұлтқа керек» [1, 3-б.]. Плиний айтқандай, шебер жазылмады деген тарихтың өзі сүйкімді, ал ел тарихы одан да қымбат. Әлем тарихы ұлы естеліктерімен ақылды қозғаса, ал отан тарихы жүректі тербейді [2, 8-, 9-б.]. Бүгінгі заманда қазақ халқы өзін, тілін сақтап қалуы үшін де ұлттың, елдің тарихын білуі абзал.

Қазақ халқын құраған әрбір тайпаның немесе рудың өмір жолында этностық, саяси-әлеуметтік ортақтық заңдылықтармен қатар өзіндік ерекшеліктері де аз болмаған. Оларды зерттеп-білу ұлт тарихының толыққанды жазылуына ықпал етері сөзсіз. Яғни ұлтымыздың тарихындағы әрбір рудың орнын және рөлін айқындау – тарихымызды түгелдеу ғана емес, сонымен бірге халқымыздың ұлттық тарихи ерекшеліктерін ескеру де болып шығады.

Халық атауы оның өткен жолдарымен, тарихымен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан халық атауын, яғни оның этнонимін анықтау этностың шығу тегін жан-жақты зерттеуге көмектеседі. Халықтардың бірінің қазақ, бірінің орыс немесе грек, т.б. аталуы неліктен әрі ондай атауларды оларға кім берді? Тіпті, кейбір халықтардың атаулары тамыры бірнеше ғасырларға кететін айтыс-тартыстар да туғызады. Демек, бұл мәселер ешқашан зерттеу нысанынан тыс қалмақ емес. Ал халықтардың шығу тегі, олардың атаулары немесе этнонимия ғылым саласының тиянақты дамуы ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңында ғана басталды. Этнос туралы кеңестік теория, негізінен, мемлекеттің ұлт саясатына орайластырыла дамыды. Этностың ортақтық сипатын және оның иерархиясын мемлекеттік-саяси құрылымдармен байланыстыру мақсатында «этнос сөзінің тар аясы» немесе этникос (бір ұлттың адамдары немесе этнос), сонымен бірге «кең мағынасындағы» этноәлеуметтік ортақтық, яғни халықтың, дәлірек айтқанда, «әр ұлттың өз ұлттық-мемлекеттік құрылым шеңберінде өмір сүруі» түсініктері қалыптастырылды. Ал қазіргі заманғы ұлттардың қайта өркендеуі және халықтардың сана-сезімінің артуы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінде жаңаша қалыптастыруға итермелейді. Яғни этнос, субэтнос, метаэтнос, халық, ұлт мәселері секілді сұрақтар заман талабына қарай зерттелуді қажет етеді. Мысалы, дағыстандар – ұлт, ал ноғайлар неге ұлт емес немесе бір адам өзін славянға (метаэтнос) да, орысқа (этнос) да, казакқа (субэтнос) да жатқызады [3]. Неліктен? Яғни «антропосфера қарапайым тілде халық, ғылыми – ұлт, тіпті, таза ғылыми тұрғыда этнос делінетін қауымдастыққа бөлінеді. Антропосфера мозаика секілді, оны этносфера десек дәлірек болады. Неміс, француз, ағылшын, т.б. ұлттардың арасында айырмашылық бар ма әрі ол қандай деген сұрақ туады. Сұрақ тым қарапайым көрінгенімен, оған жауап табу өте қиын» [4, 20-б.].

Біздің мақсатымыз Байұлы бірлестігі немесе бай этнонимі арқылы қазақ этносына қатысты этнонимдердің тарихын, олардың пайда болуы мен жоғалуын, яғни этногенезін ұғыну. Қазақ руларының ежелгі тарихына барғанда түркі тайпаларының ортақ шығу тегін де ұмытпауымыз керек. Тамыры өте тереңге кететін «Бай» этнонимі, кейін «Байұлы бірлестігіне» кірген 12 тайпа – Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Есентемір, Жаппас-Алтын, Қызылқұрт, Масқар, Таз, Тана, Шеркеш, Ысық атаулары да жеке зерттеулерді қажет ететінін түсіндік. «Бай» сөзі арқылы жасалған этноним, топоним және антропонимдер қатары қазақ, өзбек, қырғыз, башқұрт, якут, ұйғыр, т.б. түркі халықтарында да кездеседі.

«Бай» атауы б.з.б. 694 – 250 жылдардағы қытай жылнамаларында кездеседі. Динлиндердің бір бөлігі Бай-ди деп аталған. «Бай ди» – б.з.б. VIII – VII ғасырларда Солтүстік Моңғолия мен Алтай – Саянды мекендеген тайпа атауы. Бай тайпасы VII ғасырда Селенга жағасын, Бай-си VIII ғасырда Маньчжурияның оңтүстік жағалауын қоныс еткен. Орхон жазбаларында Байырку, ұйғырларда Баегу, IX – XI ғасырлардағы Қият тайпасында Байандур, сонымен қатар М.Қашқари келтіретін Оғызда Байат (Кіші жүз Байұлы бірлестігінің Тана, Адай және Шеркеш таңбалары ұқсас) және Байұндыр, т.б. түрлерде кездеседі. Қазақ тіліндегі Байшора, Байсын, Байұлы, якуттардағы

Баид, патшалық Ресей кезеңіндегі Феодосия уезі Таврия татарлары арасындағы Бай-оғлы-қыпшақ (А.Харузин, «К вопросу о происхождении киргизского народа»), т.б. бұл этнонимнің ежелгі әрі әлемдік кеңістікті мәдени игеруде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Сол секілді Байұлы терминінің шығу тарихына қатысты башқұрт халқы құрамындағы Баюлы (Бай) руының шығу тегін қазақ зерттеушісі С.Қондыбай былай түсіндіреді: Күшлек деген жігіт өз сұңқарын бір үйір су жылқысына айырбастап, су астынан «Қаражорға» бастаған бір үйір жылқы шығады. Сол тұлпар иесіне әкеліп берген қыздан «байұл» руы деген белгілі ұрпақ өсіп-өнген. Қазақтың Байұлысында ондай аңыз жоқ. Бірақ суын айғырлар туралы аңыздың бүгінгі қазақ ішінде, ең алдымен, Байұлы арасында (әсіресе адайларда) сақталуы бұндай шежірелік аңыздардың қазақтың Байұлысына да қатысты болғанын көрсетеді. Немесе аңыздық-мифтік прототиптің алғаш шыққан ортасы – арғы тегін кутригурлардан (*Кутригур мен утигур – VI ғасырдағы Византия тарихшысы Прокофий Кесарийский берген аңыз бойынша ғұн ұрпақтары. Бір тілде сөйлеп, бірдей өмір салтын ұстанған тайпалар // Генинг В.Ф., Халиков А.Х. Ранние болгары на Волге (Больше-Тарханский могильник). – М.: Наука, 1964. – 108-б.; Менандр айтатын утигурлар Плинийдің «Естественная история» еңбегі бойынша аорстар. «Словом ути и был реальный прототип транскрипции юечжи (Pulleyblank E.G. Chinese and Indo-Europeans. – JRAS.1966. Pts.1 – 2. – стр. 18). Параллельно существовало племя ути на востоке, в долине реки Эдзинагол и озер Сихай и Соленое (соответственно Сого-нур и Гашиун-нур) // Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 38-б.; бұл екі ғұн тайпасының Азов жағалауында «Ұлы Бұлғария» мемлекетінің іргесін көтергені ерте орта ғасыр тарихы әдебиеттерінен мәлім. Олардың ежелгі киммерліктердің жалғасы екені соңғы кезде белгілі бола бастады*) бастайтын Кубань (Кобан) алабындағы түркі тілді «касог» және «черкес» қауымы [5, 35 – 36-б.] деуге болады. Демек, XIV ғасырдағы Байұлыға дейінгі тайпалар қазақ пен башқұртқа сіңбей тұрған уақытта олардың фольклоры мен шежірелерінде осы теңіз жылқысы мотиві жақсы сақталған. Ал су жылқылары – еуразиялық халықтардың мифтеріндегі бар бейне. Бұл бейненің шығу тегін «үндіеропалық» немесе «үндірандық» десе де бұндай түсінік түркі-моңғол, Кавказ халықтарының (грузин, адыге, т.б.) фольклорлық мұрасында молынан кездеседі. Су жылқысы мифтік бейненің арғы жағында жылан (су жыланы, су айдаһары) мифологиясы жатыр. Суда өмір сүріп, ұша да білген қанатты жылан (айдаһар) энеолит кезеңіндегі жылқыны қолға үйреткен халықтардың мифологиясындағы «су жылқысы» бейнесінің қалыптасуына негіз болған. Өзен ағысы мен теңіз толқындары бастапқыда сауыры жылтыраған жылан кейпінде суреттелген болса, бірте-бірте оның орнын сұлу ат бейнесі басқан. Су – тіршілік көзі. Сусыз өмір жоқ. Жаздың аптап ыстығында шөл далаға жан бітірер жаңбыр Жаратқан иенің адамға берген ырзығындай көрінген. Бұлт төмен түсіп, теңізден «су ішті», осы суды басқа жаққа алып барып, жаңбыр түрінде жерге төкті. Міне, осылайша суға байланысты су жылқылары туралы мифтер қалыптасқан. «Су жылқылары» мифтік түсініктің қалыптасқан жері – Хасарлы (Каспий) теңізінің айналасы, бастапқы жері – қазіргі Әзірбайжан аумағы [6, 51-б.].

Сонымен «Бай» сөзі арқылы жасалған этнонимдердің архетипі көне дәуірге, атап айтқанда Алтай дәуіріне барады. Біріншіден, Бай б.з.б. 694 – 250 жылдары Алтайда өмір сүрген динлиндердің тайпа атауы болса, екіншіден, сөздің көне лексикалық мағынасы Алтай дәуірі сөздерінің семантикасына апарды.

Енді Бай сөзі арқылы жасалған этнонимдердің архетипі қалыптасқан Алтай дәуіріне тоқталсақ. Алтайдың полиметалл белдеуінде орналасқан 850-ге жуық кеніштің қола, темір ғасырларында игерілуі зерттеушілер тарапынан жақсы дәлелденген. Б.з.б. VI – III ғасырларда Минусинск, Орталық Сібірде қола дәуірінің жоғары қарқынмен дамығанына геометриялық дизайнмен ерекшеленетін айбалталардың, қарапайым да салмақты жасалған қола бұйымдардың табылуы куә. Топографиялық және хронологиялық мәліметтерге сүйенген ғалымдар дала өнерінің шығуын осы аймақтан іздейді [7, 34-б.].

Тарбағатай баурайындағы «Алтын қорымдар» кешені аталып кеткен Шілікті жазығындағы обаларға С.С.Черников жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде түрлі хайуанаттар бейнеленген 524 алтын зергерлік бұйым табылғаны белгілі. Қазір олар Эрмитажда (хронологиялық жағынан б.з.б. VII – VI ғасырлар) тұр [8, 66-67-б.]. Және Шығыс Қазақстан Ертіс өзені алабынан диаметрі 8 ден 15 м-ге дейін баратын 21 қорған қазылып, ондағы жерлеу мерзімі б.з.б. V – IV ғасырлар аралығы екені анықталды. Шығыс Қазақстан өңірі ерте темір ғасырына жататын қорғандардың салынуы жағынан Еділ мен Оңтүстік Орал қорғандарына ұқсас екендігін қазіргі күні ғалымдар біршама дәлелдеді. Оның ең анық айғағы – ерте бұлғар кезеңіне келетін Еділдегі Үлкен Тархан зираты (Еділдің орта бөлігінде, Еділ өзенінің оң биік жағалауына, Татарстанның оңтүстік-батыс шекарасына таяу, «Большие Тарханы» селосы маңында орналасқан). Табылған археологиялық ескерткіштер қола дәуірінен XV ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. «Несомненные аналогии, – деп жазады В.Ф.Генинг пен А.Х.Халиков, – которые обнаруживаются в конструкциях могильных сооружений между памятниками Восточного Казахстана и памятниками Больше-Тарханского типа на Волге, позволяют предполагать, что именно здесь, на Востоке, формировались племенные группы, вошедшие в дальнейшем в состав болгарского объединения» [9, 5-, 133-, 143-б.].

Көшпелілер өнерінің дамуы б.з.б. IV ғасырда биік сатыға көтерілді. Сақ/скиф, хұн/ғұн, үйсін/үсүн тайпалары жасаған өнер орасан бай әрі ондағы ісмерлік әдістер бір-біріне өте ұқсас. Өнер қалдықтарының бай сақталған мұрасына көсемдерге немесе ойшыл-шешендерге арналып тұрғызылған зор қорымдар, зәулім обалар жатады. Мұндай қорымдар Монғолиядан Венгрияға дейін созылған байтақ далада үздіксіз кездеседі. Қазақстан мен Орта Азия қорымдары және қала орындарының бұндай жерлерін халық «жер үйін» деп атайды. Мұның мәнісі ғасырлар бойы қала, қорым тұрғызылған ата-бабаның сүйегі жатқан «ұйық жер» дегенді білдіреді. Түбірі «үйден» шыққан.

Жазба деректердің мәліметтері бойынша, б.з.б. III ғасырда Шығыс Қазақстанда Ертіс бойында угэ, динлин тайпалары өмір сүрген. Көне жазба ескерткіштерді тілдік тұрғыдан зерттеушілер (Ғ.Мұсабаев) қытай жазба ескерткіштеріндегі

«уги» деген сөздің «үй, орда, хандық» мағынасы бар екенін айтады, ал үй, ұғ-тың қытай иероглифі түрін ғалымдар (Г.Ю.Клапрот, В.П.Васильев, Н.Я.Бичурин, т.б.) «юй» деп жазады (мысалы, чун-юе-хун ордасы) [10, 21-б.]. Деректерде Ертіс бойында Угу, Тарбағатайдағы Қара Маклай деген тауда Уто деген қалалардың болғанын, тұрғындары үйлерін тастан салғанын бірқатар мәліметтер дәлелдейді [11, 386-б.].

Сонымен бірге қола дәуірінде қазіргі Ресейдің оңтүстігі де халық тығыз орналасқан аймақ болды. Бұнда екі қола – Оралға дейінгі Оңтүстік Ресей және Ока, Орта Еділ және Кама жағалауларын қамтыған Ананьев мәдениеттері қалыптасты. Днепрге дейін созылған Қара теңіз далаларында Венгрия қола мәдениетінің ықпалы басым болды. Кавказ, Кубань және Дон далаларына Кіші Азия мен Месопотамия мәдени ошақтары әсер етті. Б.з.б. VI – III ғасырларға жататын Оңтүстік Орал өңірінде кездесетін тас қорғандар Башқортостан ғалымдарының түсіндіруінше, Геродот жазатын аргиппей, аримаспы және исседон, сонымен қатар дай тайпалары кезеңдерінде тұрғызылған.

Оңтүстік Оралдағы Есет өзенінің атауы К.В.Сальниковтың айтуынша, исседон этнонимінен пайда болған [12, 115, -116-б.]. Н.А.Мажитов пен А.Н.Султанованың тас қорғандардың Оңтүстік Орал өңірінде пайда болуына қатысты мынадай пікірлері бар: «изучение каменных курганов пока находится на начальной стадии, но накопленные материалы ясно указывают, что на Южном Урале они возникли неожиданно в результате массового переселения сюда новой группы населения. В плане выявления происхождения создателей каменных курганов весьма интересной выглядит мысль, изложенная в книге 1994 г. Ее подсказал выдающийся башкирский тюрколог Дж. Г.Киекбаев, который, получив информацию об устройстве каменных курганов, назвал их «басырык (слово древнетюркского происхождения), т.е. могилы, заваленные камнями. В заключение он отметил, что каменные курганы Южного Урала, скорее всего, относятся к тому же типу курганов, как всемирно известные курганы Пазырыкской культуры Алтая VI – III вв. до н.э. Данная мысль профессором Дж. Г.Киекбаевым была высказана еще в 1972 г., но она получает подтверждение в новейших исследованиях на археологическом материале. В поисках происхождения каменных курганов Южного Урала молодые археологи их сравнивают и генетически связывают с кочевыми племенами Алтая, оставившими курганы пазырыкского типа (Н.С.Савельев из Уфы, Ю.Ф.Кирюшин А.А.Тишкин из Барнаула и др.)» [13, 56-б.].

Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында Орал таулары аймағын мекендеген тайпаларды кейбір жазба деректерден де байқауға болады. Солардың бірі б.з.б. II ғасырда жасалған Птолемей картасы. Онда Орал таулары Римей таулары деп аталып, одан Даих өзені (Жайық) бастау алып, Каспий теңізіне құяды. Карта өзінің дәлдігімен ерекшеленеді. Бұл карта бойынша Еділ өзені солтүстіктен, Гиперборей тауларынан (қазіргі Солтүстік Орал /Каманың басы) басталады, сонымен бірге Еділ мен Дон аралығындағы тар мойнақ және Орал тауларынан бастау алатын Еділдің екі сол сағасы көрсетілген. Қазіргі зерттеушілердің

бірқатары бұл сағалардан Сакмар мен Таналық өзендерін, ал тағы бір тобы Кинель өзенін көреді [14, 123 – 130-б.].

XVIII ғасырда Е.Пугачев көтерілісінен кейін Орал болып өзгерген немесе Оңтүстік Оралдың басты өзені – Жайық атауының шығу тегі туралы пікірталастар әлі толастаған жоқ. «В исторической литературе, – деп жазады Н.А.Мажитов пен А.Н. Султанова, – имеется обоснованное мнение о том, что птолемеевский вариант названия р. Даих образовался от имени дахо-массагетских кочевых племен, широким массивом расселявшихся в пространстве между Аральским морем и Уральскими горами. Другим, более собирательным вариантом дахо-массагетов было имя саки. Отдельные группы этих сако-дахо-массагетов, согласно письменным источникам, именовались саками, массагетами, даями (даи), дахами (дахи), но, по-видимому, в южноуральских степях с глубокой древности (может быть, с эпохи бронзы) численно преобладали выходцы дахского племенного объединения и от их имени Дах-Даих возникло р. Яик. Не исключено, однако, что имя дахи, или даи, образовалось от названия реки, и в этом смысле Даих более древнего происхождения. В этой связи нельзя не подчеркнуть, что названия рек сословом Ик на Южном Урале являются самыми распространенными (см. Большой Ик, Ик и другие). Во всяком случае для раннежелезного века устанавливается совпадение существования на Южном Урале гидронима Даих и многочисленного союза племен дахо-массагетов» [13, 57 – 58-б.].

Сонымен динлин (мәселен, қытайлар Саян тауын ертеде ‘Динлин’ деп атаған) халқының биік арбалылар, теле сияқты ұрпақтары Сүй, Тан патшалықтары тұсында Гоби шөлінің бүкіл солтүстік аудандарына таралып, *халқы бір миллион түтінге* жеткен. Олар Гоби шөлінің солтүстігіндегі жер көлемі ауқымды да халқы көп этностардың бірі болды. «Динлин» – орман халқы немесе *агач-эри* деген мағынаны береді. Д.Еремеевтің айтуынша, «при анализе тюркской этнонимии выделяется несколько групп этнонимов со сходной морфологической структурой. Прежде всего это названия народов и племен, имеющие окончание -ар: татар, хазар, болгар (болгар, балкар, малкар), авар (абар, апар), маджар (мадьяр, мишарь), кангар (кенгер), сувар (субар), каджар (кеджер, качар, гаджар), кабар и др. Уже давно было высказано мнение, что окончание -ар в этих этнонимах восходит к слову ар/эр/ир сохраняет близкое значение – «мужчина», «муж». Этнография знает немало примеров, когда народы и племена называют себя «люди» или в этноним входит слово «человек». Например, этноним хунны можно сопоставить с монгольским словом хун «человек», тюркский этноним агач-эри переводится как «лесные люди», тюркские этнонимы алтай-кижи, туба-кижи, чу-киши значат «алтайский человек», «человек туба», «человек с реки Чу» и т.п. [15, 103-б.].

Динлин тайпаларының азиялықтар болғанына Шығыс Сібір қорғандарынан табылған бас сүйектер дәлел. Хүн мемлекеті тұсында динлиндердің қазіргі Оңтүстік Сібір – Байкал өңірінен Енисей өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі аумақты қамтығанына Оңтүстік Сібір Қарасу мәдениеті жұртының табылуы айғақ. Динлиндердің қабірлері үйсін, қаңлылардың зираттарына ұқсас. Қытай

жылнамалары бойынша «шаштары ақшыл, көздері көк үсундер (*үйсін* – автор) аралығында *сэ* және *юечжи* тайпалары» болған. Ал ондағы *сэ* дегеніміз *сақ*. Яғни динлин, *сэ*, *юечжи* – барлығының да ақшыл түсті, көк көзді, қалың қабақты келуі оларға тән ортақ түр-сипат болған [16, 6-б.]. Р.Груссе б.з.б. 750 – 700 жылдары қазіргі оңтүстік Ресейдің далалық кемерлерін Түркістан мен Батыс Сібірден келген скифтердің ығыстырып шығарғанын: «Народ, известный грекам под именем скифы (Skithai), назывался ассирийцами ашкуз (Ashkuz), а персы и индийцы дали имя сака (Saka)», – деп жазған-ды [7, 26-б.]. Ал «сақтардың шығыс бөлігі дегендерге, – деп жазады Н.Мұқаметханұлы – *үйсін*, қаңлы (кангюй), аландар (яньцай) жатады. Бұлардың түркілігі олардың тілдік, дінинанымдық, салт-саналық ерекшеліктерінен айқын байқалады» [17, 12-б.].

Демек, «сақа» – туыс көшпенді тайпалардың үлкен тобының өзіндік атауы. Өз-өзін ортақ халық ретінде сезінумен, көшпелі сақтар өздерінің пайда болуын ортақ сиқырлы тотем ата-баба сақа /«бұғыға»/) жатқызған; кейін динлиннің бір тармағы пугу немесе бугу, яғни *бұғы* – қазақ, қырғыз халықтарының негізін салуға қатысқаны да белгілі. Мысалы, X ғасырда Еділді мекендеген бұлғар тайпасының бірі Берсилия елінің [9, 108-б.] басты тұрғындары *бузу* немесе *пузу* [16, 249-б.] болған, яғни олардың шығу тегі Орхон, Селенгідегі теле тайпа бірлестігінен, одан да бұрын динлиннен бастау алады. Бұхара қаласының ертеде Бумискат аталуы әрі оның маңында Байкент және Кермен (Байұлы Жаппастың бір аталығы) қалаларының орналасуы динлиннің *бома* (Алаша этнониміне де қатысты) тармағынан хабар береді [18, 6 – 7-б.]. Соңғы зерттеулердегі Қазан қаласының түп-төркінін Керменмен байланыстыруы да көңіл аударарлық мәселе деп ойлаймыз (Қараңыз: Древности Поволжья: эпоха средневековья /исследования культурного наследия Волжской Булгарии и Золотой Орды. – Казань, 2005).

IV ғасырдан бастап Қытай деректерінде кездесетін динлиннің *бома* немесе түркілік *алат* этнонимі кейінгі уақыттағы алаша, алақ-бұлақ, алқа-бұлақ, бұлақ-ат, ала-иондлуг, алан, алачин, т.б. түрлерінде белгілі болған әрі олар кейінгі бөлшектенудің және жергілікті тайпалармен этностық араласудан өзінің бұрынғы тегін жоғалтқан. Оны ғалымдар Байұлының Алаша тайпасын зерттеу барысында байқаған [19, 69 – 70-б.].

Және бір ескерер жайт, ол хұндармен сегіз ғасыр аралас-құралас өмір сүрген динлиндерден кейін гаогюй [20] тайпасы қалыптасып, оның құрамына әуелі *цянь*, сосын *сәнби* элементтері енген. Сәнби жерінде Байұлы бірлестігі ру-тайпаларының ата-бабалары, яғни динлин тармағы *байлан-цянь*-дардың мекендегеніне Бай-лан-хэ (Лао-ха-хэ өзені) этнотопонимі де айғақ [16, 193-, 228-б.]. VIII ғасырда Әмудария мен Зерафшан алқабында орналасқан Самарқан (Соғды) немесе Қан мемлекетінің теріскейін теле жұрттарының бірі «қыпшақ» мекендеген деген деректер бар [21, 39-б.]. Қосымша айта кетер болсақ, Ж.Бейсенбайұлының мәліметіне сүйенген С.Қондыбайдың қазақтың Байұлына қатысты мынадай пікірін қосымша бере кетсек дейміз: «Қазақ халқының тарихи зерттелуі жағынан ең соңғы орын алатындары – *алшын* рулары болса, оның ішінде – *байұлы* руы болып табылады... XIII ғасырдағы Шыңғысхан жорығынан

кейін Венгрияға кеткен қыпшақтың 60 мыңдық жасағынан қалған, бүгінгі мадияр халқының 10%-ын құрап отырған куншаг (қыпшақ) ұрпақтары – шортан, бұржоғлы, тоқсоба, алаша, тазлар, кішішеркеш, нодшеркеш этнонимдері бүгінгі байұлдардың ішкі руларына кіреді. Мұндағы таз, алаша, шеркеш рулары өз аттарымен, ал тоқсоба руы байұлының асқар-байбақтысындағы ішкі ру-ата есімі болып жүр. 1239 жылдан бергі венгриялық қыпшақтар өз руларының ішінен тек байұлдық ру есімдерін сақтауы сол қыпшақтардың өзінің де байұлдардан екендігін көрсетеді, өйткені ең қарапайым қисын бойынша баяғы кеткен қыпшақтардың ішкі рулары тек бүгінгі қазақ-байұлдардың есімін сақтап тұрған болса, онда 1239 жылы Венгрияға кеткен қыпшақтардың рулық құрамы да осы байұлылық болған (Қондыбай С. Есен-қазақ. Толық шығармалар жинағы. Т. 4. – Алматы, 2008. – 307-, 312-, 313-б.).

Бұхара, Самарқан және Бай-шуй-ху (*Бай-шуй-ху қаласы – Chavannes бойынша, араб авторларында Исфиджаб деген атаумен кездесетін қала. Исфиджаб – қазіргі Шымкенттен шығысқа қарайғы бірнеше шақырымда орналасқан қала // Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2... – 260-б.; сонымен бірге Бай деген қала аты Шығыс Түркістанда Моғол хандары тұсында аталады // Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2... – 627-, 645-б.; Исфиджаб – қазіргі Сайрам қаласы*) қалаларының салыну тарихы да динлин тайпаларымен тығыз байланысты. Мысалы, Байұлы бірлестігінің шежірешілері ру-тайпалардың орналасуына байланысты өз баяндауларында «Жайықтың Бұхар беті, Жайықтың Самар жағы (яғни қазіргі Ресейдегі Самара қаласы)» деген тіркестерді жиі қолданады. Бұған қарап та бір кездері динлин халқының бірқатар бөліктерінің Сарыөзеннен (Хуанхэ өзені) Ферғана бағытына, одан Сыр және Арал арқылы Еділ – Жайық өңіріне жылжығанын байқауға болады. Байырғы заманда Сарыөзен бойын алтай тілді халықтар мекендеді, яғни «баба түркі тілділер ең әуелі Сарыөзен бойына қытай тілі қалыптасып болғаннан кейін барған емес, қайта Сарыөзен бойында қытай тілінің қалыптасуына араласып, қытай тілін ең алғашқы түбір сөздермен қамдаған халық» [22, 35-б.] деген пікірдің де бар екенін айту парыз. Гоби шөлінің солтүстік аймағына қоныс аударған динлиндер өздерінің бастапқы отаны – Сарыөзен өзен алабымен қарым-қатынастарын кейін толықтай үзіп, кейін Алтай – Саян динлиндері де ұсақ тармақтарға бөлініп кеткені белгілі. Г.Е.Грумм-Гржимайло Солтүстік Қытайдан ығысқан хұндардың үлкен тобының солтүстікке, ал қалған бөлігінің *тилэ, тьле* атауымен батыстан Каспий теңізіне дейінгі далалық аймаққа қоныс аударғанын, яғни қазіргі Оңтүстік орыс далаларына енген ғұндардың осы шығыс түркі тайпалары өкілдерінен құралғанын жазады [16, 195-б.]. Яғни Солтүстік Моңғолиядан Еділге дейінгі аумақты мекендеген «*теле, телэ, телестер* – түркі тілдес тайпалар бірлестігінің жалпы атауы. Қытай жазбаларында *те-лэ* деп аталған. Жылнама деректерінде *теле* – ғұндардың түп атасы. Бірлестік құрамындағы *сйяңто, циби, хуйке, дубо, гулигән, доләңге, пугу, байегу, тунло, хуңбу, сыцзие, хуса, си, адйе, байси* секілді жұрттардың барлығы телелерге бағынған. С.Кляшторный VI ғасырға дейін-ақ теленің ауқымды бөлігінің Кавказ және Қара теңіз аймақтарына жеткенін айтады» [23, 316-, 576-б.]. Қытай мен Жапония тарихшылары «биік арбалы», «дили», «чылы» делінген динлиндерді кең мағынада телелердің, ал тар



мағынада түркілердің арғы тегіне жатқызады. Және олардың тұжырымы бойынша түркі шежіресі б.з.б. III ғасырдағы қытай жазбаларында жазылып қалған динлиндерден бастау алады [24, 25-, 116-б.].

Тағы бір мәселе, ол Хазар және Ұлы Бұлғария мемлекеттеріндегі Байұлы бірлестігі ру-тайпаларының тарихы. Немесе қазақ этногенезіне ерте ортағасырлық ғұн-вар (Днепр өзенін ғұндар осылай атаған [25, 61 – 62-б.]) және бұлғарға дейінгі субстраттың қатысуы. Сонымен бірге ғұн ұрпақтары – *кутригур* (бүгінгі сиық-байұлының арғы атасы) мен *утигур*, ути немесе юечжи – аорстар делінетін пікір және юечжиге қатысы бар әрі Байбақты тайпасына жалғасқан *тохар* мәселесі; Түркия ғалымы А.-З.Валиди Тоғанның VIII ғасырдағы Еділ өзенінің атауын *А-де* деп көрсетуі немесе «*А-де*» дегенді – «Идель» деп түсіндіруі; [26, 23-б.] Қиыр Шығыс пен Қиыр Солтүстікте, Алтайда, Тобылда, Енисей бойында якут, самоед, остяк, вогулдармен [27, 273-б.] қатарлас өмір сүрген Адай мен Таз аттарының сол жерлердің жер-су атауларында, халқында қазірге дейін сақталуы; Адай тайпа атауының АҚШ-тың Луизиана штатынан кездесуі немесе американдық үндістерге жататын осы мемлекеттің байырғы *adaí* халқы мәселесі, т.б. да неғұрлым тез жауап беруді талап ететін сұрақтар қатары молынан екенін ескерткіміз келеді.

Қуатты Түркі державасын құруға қатысқандардың бірі – оғыз тайпасы. Бартольд, Мелиоранский, Маркварт секілді ғалымдардың пайымдауынша, оғыз – түркі атауын иеленген Түркі мемлекетін құрған тайпалардың бірі. Зерттеуші Маркварт өзінің “Die Chronologie der alttürkischen Inschriften” еңбегінде оғызға: *тонгра*, *байырқу*, *хунь*, *сы-цзе* (суцит), *си-цзе* (сап), *эдиз* және тоғыз ру немесе *тоғыз-оғыз* аталған ұйғырлар, сонымен бірге батыс түркілерінің тағы он руы қарады, – деп жазды. Олар өздерін он-оғыз деп атады. Демек, оғыз – теле тайпаларының бірі [16, 286-б.]. «Оғызнама» дастанында ябғуды қолдаушылардың ішінде Докер (дока – тоқа) елінен Таш бек ұлы деген кездеседі. Қазақ шежіресінде қарпық, яғни қарлықтың үлкен бір тармағы – Тоқа болып таратылады. Бұл қарлық тоқа-таз арасында белгілі бір байланыстың бар екенін көрсетеді [28, 433-б. ].

Сонымен қатар қытай деректерінде жиі кездесетін Ташкент атауы да көңіл аударарлық мәселе дегіміз келеді. Мысалы, Ташкент атауымен белгілі болған грек нұсқасындағы *Сәс* (Чач), парфиялық *Šaš* (Шаш). Виденгрэн (Widengren) Хосроу Ануширваннның соғыстары туралы Дайнавари мен Мирхондтың айтқандарына сүйене отырып, түркілердің *Šaš*, Ферғана, Самарқан, Кеш, Насаф және Бұхараны жаулап алғанын айтып өтеді. Ташкент қаласының түбіндегі Топыраққала, Варахшадағы патша сарайының қалдығы (Бұхарадан 35 км) [29, 378-б.] эфталит (Байұлы Таздың бір атасы – Абдал немесе Эфталит) заманынан қалған археологиялық ескерткіштер. *Šaš*-тан да ертерек «Тас» мағынасын беретін деректер қатары да бар. Э.Пулейбланк ежелгі *Chin* («тас») атауын *сюнну* (сиуңну) тайпасымен байланыстырады. Нақтырақ айтқанда, Пулейбланк Цин-шу дерегіне сүйене отырып, *Chin* атауын сюннудің оңтүстік тармағы дейді. Хэндәуірінде олар Ташкент округін мекендеген. Пулейбланк: «Канцзюй иран тілді халық делініп келді. Бірақ олардың Да-юань (тахвар,

тохар) және юечжилермен тығыз байланыста болғаны белгілі. Олар да үсундер (үйсін – автор) сияқты his-hou ябгу титулын пайдаланды», – деп жазады [29, 265-б.]. Ю.А.Зуев те осы пікірге саяды. Оның айтуынша, Кейінгі Чжао (319 – 352 жылдар) мемлекеті патшалық фамилиясы цянцзюй тайпасынан Ши («Тас») болды: «В тысяче с лишним ли к северо-востоку от их (племени *байарку*) страны течет река Кангань. Там растет сосновое дерево. Если опустить его в воду на два года, оно превращается в камень...» Представление о камне как обители бессмертного божества, «доме бога, его воплощение известно многим народам древности... Названия «кангха», «канка», «канг», «каменное царство» (Ши го) и «каменный город» (Ташкент) – это символы культа великой богини Сырдарьи» [30, 99 – 100-б.]. Ал Таз құрамындағы Абдал этнонимін зерттеушілер б.з. IV – VI ғасырлары аралығында Орта Азия, Ауғанстан мен Пәкстан, Үндістанның солтүстік-батысы және Түркістанның оңтүстік бөлігін, сонымен қатар қазақ жерінің оңтүстік өңірін «Эфталит мемлекетімен» байланыстырады.

Еділ – Жайық татарларының қалыптасуы мәселелерімен айналыса отырып, Орал аймағының (Каманың сырты) этносаияс картасын жасаған Қазан қаласының этнолог-ғалымы Д.М.Исхаков өзінің башқұрттар мен иштяктар туралы зерттеулерінде «остяк» пен башқұрттың қалыптасуындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Мысалы, автор «остяктарға» Белая (Ағеділ) өзенінің төмені мен солтүстік башқұрт топтарын – гайна/еней, терсак,*тазлар*, сызгы, балыксы, кошсо, упей, юрмий және юрматтарды жатқызады [31, 9 – 10-б.]. Сөз арасында Ә.Марғұланның «академик В.В.Бартольдтың анықтауынша, ғұндардың тілі ең ескі түркі тілінің бірі. Ғұндар II ғасырда Жайық өзені бойын қоныстап отырғанда, Птоломейдің хабарлауынша, олар ол жерді Даик деп, кейін Менандр Дайх деп жазады, демек Яик деген сөз. ‘Яик’ сөзін ерте кезде ғұндар қолданғаны анық», – дегенін де айта кетуге болады [32, 190-б.]. Осы жерде тағы бір қосымша айтсақ, ол Алтайдың Косоғол маңын мекендеген теле тайпалық бірлестігі – *ки-би, съ-янь-то, до-лань-гэ, ху-се, тун-ло, пу-гу, си-це, сы-це, ба-е-гу, гу-ли-гань, бай-си, юань-хэ, хунь, а-де* тайпаларының Каспий мен Қара теңіз аралығына, Еділ – Жайыққа, Солтүстік Кавказға жеткеннен кейін Алтай – Селенгадағы атақонысы *Косоғол* [16, 181-б.] көл (косоғ гол/көл) атауын Кавказдағы қоныстарына (Касахия) да беріп, өздерінің касоғ немесе *косоғ* аталу мүмкіндігі. *Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронның «Энциклопедиялық сөздігі» (Спб., Брокгауз-Ефрон, 1890-1907)* бойынша, Косоғол Моңғолияның солтүстігінде Иркутск аумағының оңтүстік шекарасында орналасқан көл. Моңғолша аталуы – Хубсугул-далай, Урянхайша (Оранхай – автор) *Эджь* (әже, ана – автор) мағынасын береді. Ауданы – 2620 км<sup>2</sup>. Ұзындығы – 134 км, ені – 35 км-дей, деңгейінің биіктігі – 1645 м, тереңдігі – 238 м-ге барады. Косоғолдан Эгийн Гол (Селенгі алабы) өзені ағып шығады. *Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронның «Энциклопедиялық сөздігінше»* Косоғолдың маңын урянхай немесе свойот секілді түркі халықтары мекендеген. Косоғол (қазіргі Хубсугул) Байкалға өте ұқсас. Оны Байкалдың інісі деп те атайды екен. Кейбір мәліметтер бойынша, Хубсугул мен Байкалдың су астын өзен байланыстырып жатыр. Себебі екі көлдің де су көтерілу деңгейлері бірдей. Қазіргі күнге дейін жергілікті халықтар арасында буддамен қатар шаман да қолданылады. Жергілікті халықтың

айтуынша, ол жерде сақталған 13 оба әрі тасқа қашалған белгісіз жазу дашаманға жатады [33].

Қондыбай VII – XI ғасырларда Қобаң (Кубань) – Таман (Тмутаракань) аймағында өмір сүрген *касог*, *косог*, *касах* деп аталғандар этностық жағынан бұлғарға дейінгі альциагар-кутригур тайпасының жергілікті алан, адыге субстратымен араласқан ұрпақтар болған дейді. Ол өзінің «Маңғыстау-нама» еңбегінде: «X – XIV ғасырлар бойына Солтүстік Батыс Кавказда белгілі болған *касах*, *касог*, *козак* атауын сақтап келгендер – дондық, солтүстік кавказдық қыпшақтар (половецтер) болды. Нақ осы қыпшақтар бүгінгі Байұлы бірлестігінің негізгі этностық субстраты. XIII ғасырдың аяғында (немесе XIV ғасырдың басында) Солтүстік Кавказ бен Дон – Днепр далаларын мекендеген, Шыңғыс пен Батудың, олардың ұрпақтарының жорықтарынан аман қалған дондық-солтүстік кавказдық половецтердің көпшілігі мекендеп жатқан жерлерінен Еділ – Жайыққа, бүгінгі Атырау және Батыс Қазақстан облысына көшірілген еді. XIV ғасырдың орта тұсында Үстіртке (Қырға) шыға бастағандар байұлы-половецтердің фольклорлық жады сақтап келген «қазақ» атауын жаңа жерде, 400 жылдық уақыттан кейін жаңа заманда қайтадан жаңғыртты», – деп жазады [6, 35 – 36-б.]. Н.М.Карамзин өзінің «История государства Российского» еңбегінің V томында орыс жеріндегі казактардың шығуын ежелгі *касог*тармен байланыстыра келе, «казак» сөзінің еркіндік, батылдық, ержігіт мағыналарында қолданылғанын айтады: «В истории следующих времен увидим *Козаков Ордынских, Азовских, Ногайских* и других: сие имя означало тогда вольницу, наездников, удальцов, но не разбойников». «Заметим, что летописи времен Василия Темного в 1444 году упоминают о Козаках Рязанских, особенном легком войске, славном в новейшие времена. Итак, Козаки были не в одной Украине; но вероятно, что оно в России древнее Батыева нашествия и принадлежало Торкам и Берендеям, которые обитали на берегах Днепра, ниже Киева. Торки и Берендеи назывались *Черкасами*: Козаки – также. Вспомним Касогов, обитавших, по нашим летописям, между Каспийским и Черным морем; вспомним и страну *Казахию*», – деп жазады [34, 182-, 183-б.]. Осы еңбектің 964 – 966 жылдардағы Святославтың қызметіне байланысты тарауында да: «Святослав победил еще *Ясов* и *Касогов*: первые – вероятно, нынешние Оссы или Оссетинцы – будучи Аланского племени, обитали среди гор Кавказских, в Дагестане, и близ устья Волги; вторые суть *Черкесы*, коих страна в X веке именовалась *Касахией*: Оссетинцы и теперь называют их *Касахами*», – дейді [2, 105-б.]. Бұдан шығар қорытынды, XVIII ғасырдың ортасынан бері толастамаған «қазақ» сөзінің түп-төркіні зерттеушілер назарынан ешқашан тыс қалмақ емес. Оған байланысты қалыптасқан әртүрлі пікірлерді талдаудың өзі жеке арнайы зерттеуді қажет ететіні де күмәнсыз. Он екі ата Байұлының үлкен тайпасының бірі – Шеркештің тағы бір атауы *касог*болғанына орай біз де бұл мәселеден аттап өте алмағанымызды ескерткіміз келеді.

Әдебиеттер

- 1 «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы. – Алматы, 2008, №2(17).
- 2 Карамзин Н.М. История Государства Российского: XII томов в 3-х книгах. Книга 1. Т. I – IV. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2004.
- 3 Беджанов М.Б. Этнические образования и межнациональные отношения // <http://elibrary.ru>
- 4 Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало: популярные лекции по народоведению. – М.: Айрис-пресс, 2009.
- 5 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы, 2008.
- 6 Қондыбай С. Маңғыстау-нама. Т. 7. – Алматы, 2008.
- 7 Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Перевод с английского К.Салгариной. – Алматы: Санат, 2003.
- 8 Черников С.С. Загадка золотого кургана. – М., 1965.
- 9 Генинг В.Ф., Халиков А.Х. Ранние болгары на Волге (Больше-Тарханский могильник). – М.: Наука, 1964.
- 10 Нұрғалымова Г. Шығыс Қазақстанның көне тарихының көмескі тұстары // Қазақ тарихы. 1999. №3.
- 11 Қазақ тарихынан (құрастырған Е.Аққошқаров). – Алматы: Жалын, 1997.
- 12 Сальников К.В. Древнейшие памятники истории Урала. – Свердловск, 1952.
- 13 Мажитов Н.А., Султанова А.Н. История Башкортостана. Древность. Средневековье. – Уфа: Китап, 2010.
- 14 Абзалов Р.М., Фаткуллин Р.А. Отражение Южного Урала и Приуралья на географических картах и изученность территории с древнейших времен до конца XVII века // Природное районирование и вопросы охраны природы. – Уфа, 1980.
- 15 Еремеев Д. К семантике тюркской этнонимии. – «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы, 2009. – №3(24).
- 16 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т. 2. – Л., 1926.

- 17 Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Перевод К.Салгариной. – Алматы: Санат, 2003.
- 18 Мұқаметханұлы Н. Үйсін мемлекеті жөнінде // Қазақ тарихы. – 2004-2.
- 19 Бронников, Н. А. Кангюй, Кангалы или Кан и Юечжы: (К исторической Географии Русского Туркестана): Из Записок Императорского Московского Археологического Института. Вып. 1914 г. – М., 1914.
- 20 Тортаев С.Ә. Алашаның арғы тарихы // «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы, 2006-3.
- 21 Иностранцев К. Хунну были скорее всего тюрки // «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы, 2008. – №4(19).
- 22 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1994.
- 23 Құмарұлы Я. Баба түркі тілділер Сарыөзенге (Хуаңхыға) қашан келген. – «Алаш» тарихи-этнологиялық ғылыми журналы. – 2009, № 2(23).
- 24 Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000.
- 25 Сиунну «Хан» кітабынан. Аударып, құрастырған Қ.Салғараұлы. – Алматы, 1998.
- 26 Артамонов М.И. История хазар. – Л., 1962.
- 27 Валиди Тоган А.-З. История башкир. Перевод с турецкого А.М.Юлдашбаева. – Уфа, 2010.
- 28 Живая старина. Отделения этнографии Императорского русского географического общества под ред В.И.Ламанского. – Спб., 1896. Вып. II. Год шестой.
- 29 Әміржанұлы А. Ақиық-арман. Кіші жүздегі Таз руының шежіресі Т. 2. – Ақтөбе, 2009.
- 30 Акишев А.К. Пентти Аальто. «Имя Ташкент»: Перевод и комментарий // Труды Центрального Музея. II. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009.
- 31 Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк Пресс, 2002.
- 32 Асылгужин Р., Юсупов Ю. Племя гирей (кирей): страницы политической и этнической истории Башкортостана. ХҮІІ – ХҮІІІ ғасырдың 1-жартысындағы Башқұрт руларының картасы. – Уфа, 2011.

33 Маргулан А. Труды по культуре казахского народа. – Павлодар, 2005.

34 косогол/ozero-xubsugul-mongoliya-otzyvy-foto.html; dic.academic.ru

35 Карамзин Н.М. История государства Российского. Книга вторая. Т. V – VIII. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2005.

## References

1 “Alash” tarihi-etnologialyk zhurnaly. – Almaty, 2008. – №2(17).

2 Karamzin N.M. Istorija Gosudarstva Rossiskogo: XII tomov v 3-h knigah. Kniga 1. T. I – IV. – М.: Olma-Press, 2004.

3 Bedzhanov M.B. Etnicheskie obrazovaniya I meznatsionalnye otnosheniya // <http://elibrary.ru>

4 Gumilev L.N. Konets i vnov nachalo: popularnyye lektsii po narodovedeniu. – М.: Airis-Press, 2009.

5 Kondibai S. Argukazakh mifologiasy. – Almaty, 2008.

6 Kondibai S. Mangistau-nama. T. 7. – Almaty, 2008.

7 Grusse R. Imperia stepei. Istorija Tsentralnoi Azii (s drevnosti do 13-veka). Perevod angliiskogo K.Salgarinovi. – Almaty:Sanat, 2003.

8 Chernicov S.S. Zagadka zolotogo kurgana. – М., 1965.

9 Gening V.F., Halikov A.H. Rannie bolgari na Volge (Bolshe-Tarhanski mogilnic). – М.: Nauka, 1964.

10 Nurgalimova G. Shigis Khazahstannin kone tarihinin komeski tustary // Khazakh tarihi. – 1999. №3.

11 Khazakh tarihinan (khurasturgan E. Akkoshkarov). – Almaty: Zhalun, 1997.

12 Salnikov K.V. Drevneishie pamiatniki istorii Urala. – Sverdlovsk, 1952.

13 Mazhitov N.A., Sultanova A.N. Istorija Bashkortostana. Drevnosn. Srednevekovia. – Ufa: Kitap, 2010.

14 Abzalov R.M., fatkullin R.A. Otrazhenie Uznogo Urala I Priuralia na geograficheskikh kartah i izuchennost territorii s drevneishih vremen do kontsa XVII veka // Prirodnoe raionirovanie I voprosi ohrani prirodi. – Ufa, 1980.

- 15 Eremeev D. K semantike turkskoi etnonimii. – “Alash” tarihi-etnologialyk zhurnaly. – Almaty, 2009. – №3(24).
- 16 Grum-Grzhimailo G.E. Zapadnaya Mongolia I Urianhaiski krai. T. 2. – L., 1926.
- 17 Muhamethanuli N. Uisin memleketi zhoninde // Kazakh tarihi. – 2004-2.
- 18 Bronnikov N.A. Kangyi, Kangali ili Kan i Uechzhi: (k istoricheski geografi Russkogo Turkestana): iz zapisok imperatorskogo moskovskogo arheologicheskogo institute. Vip. 1914 г. – M.,1914.
- 19 Tortaev S.A. Alashanin argi tarihi // “Alash” tarihi-etnologialyk zhurnaly. – Almaty, 2006-3.
- 20 Inostrantcev K. Hunny bili skoree vsego turki // “Alash” tarihi-etnologialyk zhurnaly. – Almaty, 2008. – №4(19).
- 21 Beisenbaiulu Zh. Khazakh shezhiresi. – Almaty, 1994.
- 22 Kumarulu Y. baba tyrkiler Sariozenge (Huankige) khashan kelgen. - “Alash” tarihi-etnologialyk zhurnaly. – Almaty, 2009, № 2(23).
- 23 Turkistan. Khalikaralik entsiklopedia. – Almaty: Khazakh entsiklopediasi, 2000.
- 24 Siunny. “Han” kitabinan. Audarip, khurasturgan Kh. Salgaraulu. – Almaty, 1998.
- 25 Artamonov M.I. Istoria hazar. – L., 1962.
- 26 Validi Togan A.-Z. Istoria Bashkir. Pervod s turetskogo A.M. Uldashbaeva. – Ufa, 2010.
- 27 Zhivaya starina. Otdelenia etnografi imperatorskogo russkogo geograficheskogo obshestva pod red.V.I Lamanskogo. – SPb., 1896. Vip. II. God shestoi.
- 28 Amirzhanuli A. Akhiyk-arman. Kishi zhuzdegi Taz ruinin shezhiresi. T. 2. – Aktobe, 20009.
- 29 Akishev A.K. Pentti Aalto. “Imya Tashkent”: Pervod I kommentari // Trudi Tsentralnogo Muzeya. II. – Almaty: Balalar adebieti, 2009.
- 30 Zuev U.A. Rannie turki: Ocherki istoti I ideology. – Almaty: Daik-Press, 2002.
- 31 Asilgozhin R., usupov U. Plemya girei (kirei): stranitsi politicheskoi i etnicheskoi istori Bashkortostana. XYII –XYIII gasirdin 1-zhartisindagi bashkurt rularinin kartasi. – Ufa,2011.
- 32 Margulan A. Trudi po culture kazakhskogo naroda. – Pavlodar, 2005.

33 kosogol/ ozero-xubsugul-mongoliya-otzyvy-foto.html; dic.academic. ru

34 Karamzin N.M. Istorija Gosudarstva Rossiskogo: XII tomov v 3-h knigah. Kniga 2. T. V – VIII. – M.: OJIMA-ПРЕСС, 2005.

**Саркенова К.А.**

Научный сотрудник Института истории  
и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

**Об этнониме «бай»**

Резюме

В данной статье анализируются некоторые проблемы происхождения этнонима «бай», его распространения, особенно, на западе современного Казахстана. Малоизученный этноним «динлин» рассматривается в контексте формирования казахского народа в целом, а также, в частности, казахов Младшего жуза.

**Ключевые слова:** этнос, метаэтнос, субэтнос, этнонимия, этноним «бай», динлин, байулы

**Sarkenova K.A.**

Institute of History and Ethnology  
named after Ch.Ch. Valikhanova

Research Fellow

**About the term “BAI”**

Summary

This article are analysed some problems of ethnogenesis "bai" also his distributions especially in the West of modern Kazakhstan. Insufficiently explored term "dinlin" is examined in the context of forming of the Kazakh people on the whole and also in particular Kazakhs of Junior zhuz.

**Keywords:** ethnogeny, ethnogenesis “bai”, “dinlin”, “Kazakh”, Kosogol, Junior zhuz